

Банктердің пассивтік және активтік операциялары

PhD, доцент Досжан Р.Д





Дәріс жоспары:


1. Банктік операциялар дегеніміз
2. Активтік операциялар
3. Пассивтік операциялар
4. Лизингтік түргы
5. Форфейтинг операциясы



Банктік операциялар

▬	234.67	↑	0.234
▬	123.07	↓	0.134
▬	2245.0	↑	1.654
▬	12.066	↑	0.934
▬	131.77	↓	1.566

Банктік операциялар дегеніміз - бұл мемлекеттің заңнамасына сәйкес және Ұлттық банктың берген лицензиясы негізінде жүргізілетін банктердің жүйелі түрде жасалынатын мәмілелері.



Банктік операцияларды екіге бөлуге болады:

АКТИВТІК



Пассивтік

Активтік операциялар – бұл банктердің табыс алу және өзінің өтімділігін қамтамасыз ету мақсатында, иелігінде бар ресурстарды орналастыру жүзеге асыратын операцияларды білдіреді.

Пассивтік операциялар – бұл нәтижесінде пассивтік шоттағы немесе активті-пассивтік шоттағы қаражаттардың өсуін, яғни пассив пен активтің арту формасын білдіретін операцияларды сипаттайды

Пассивтік операциялардың төмендегідей 4 формасы болады

01

коммерциялық банктердің бағалы қағаздарды алғашқы эмиссиялауы;

02

басқа да заңды тұлғалардан несиелер алу;

03

банк пайдасынан капиталдарды немесе қорларды ұлғайту және құру;

04

депозиттік операциялар

Пассивтік операциялар

Пассивтік операциялар негізінде банктің ресурстары жинақталады. Пассивтік операциялар айналыстағы ақшалай қаражаттарды банктерге тартуға мүмкіндік береді.

Банктің ресурстары екі топқа бөлінеді:



Активтік операциялардың ең көп тараған түрлеріне мыналар жатады:

01

кассалық операциялар;

02

несиелік сипаты бар несиелік және басқа да операциялар

03

бағалы қағаздарға инвестициялар;

04


өзге де активті операциялар.



Кассалық операциялар.

Коммерциялық банк кез келген уақытта және клиенттің бірінші талабы бойынша оған талап етілгенге дейінгі шоттардағы салымдарды толық немесе ішінара төлеуге міндетті.

Осыған байланысты банк кассасында үнемі белгілі бір мөлшерде қолма-қол ақша болуы керек.




Банктің несиелік операциялары

Банк активтік операцияларының маңызды бөлігін банктің несиелік операциялары алады.

Банктің несиелік операциялары негізінде несиелік портфель құрылады. Банктік несиелер табысты және жоғары тәуекелді болып табылады. Бұл активтер топтары банктің басты пайда көзі ретінде қызмет етеді. несиелік операциялар банктің ресурстық базасын орналастыруда банктің активтік қызметінің негізгі бөлігін (мысалы, 80 %-ға жуық) құрайды.





Банктің инвестициялық операциялары



Банктің инвестициялық операциялары несиелік операциялардан кейін банкке табыс әкелетін операциялар. Банктің инвестициялық операциялары негізінде бағалы қағаздар портфелі қалыптасады. Банктің бағалы қағаздар портфелін қалыптастыруының екі мақсаты болады: біріншісі – банкке табыс әкелу, екіншісі – өтімді активтер қатарын толықтыру.



10 жыл бұрын
Apple
компаниясының
акцияларын алған
едім, қазір олардың
бағасы 10 есе өсіп
миллионерге
айналдым



Акция

Акция – бұл акционерлік
қоғамның жарғылық
капиталына үлес қосқандығын
куәландыратын және басқару
ісіне қатысуға құқық беретін,
сондай-ақ иесіне табыс әкелетін
бағалы қағаз.



Мен тәуекелге барудан
қорқамын, сондықтан
тұрақты, әрі сенімді
мемлекеттік
облигацияларғы
қаражат салуды жөн
көремін

Облигация

Облигация – оның иесінің
ақшалай қаражат
салғандығын куәландыратын
және эмитенттің осы қаражат
сомасы (номиналдық құны)
мен пайызды қайтарып беру
туралы міндетемесін
растайтын бағалы қазаз.

Лизинг

Лизинг сөзі “to lease” ағылшын етістігінен аударғанда “жалға беру” дегенді білдіреді.

Лизинг – бұл лизинг берушінің (жалға берушінің) өзіне тиесілі құрал-жабдықтарды, машиналарды, ЭЕМ, ұйымдастыру техникаларды, өндіріске, сауда-саттыққа және қоймаға арналған құрылғыларды лизинг алушыға (жалгерге) лизингтік төлем төлеу шартымен, белгіленген мерзімге пайдалануға беруін қарастыратын жалға беру шартын білдіреді.

Мына тракторды банктен лизинг арқылы жалдағам, бұйырса үлкен бизнес идеям бар





Факторинг

Факторинг операциясы – жабдықтаушының (банк клиентінің) жабдықтаған тауары мен көрсеткен қызметтері үшін төленбеген төлем құжаттарын (шот-фактурасын) банкке сатумен байланысты комиссияндық-делдалдық операция.







Форфейтинг

Форфейтинг операциясы – форфейтордың, яғни коммерциялық банктің немесе арнайы компанияның экспортерға төлеуге тиісті импортердің берген төлем құжатын сатып алуы.



Факторинг пен форфейтинг айырмашылығы

1. Факторинг кезінде ақшалай талаптар, ал форфейтинг кезінде – борыштық міндеттемелер беріледі;
 2. Факторингтік мәмілелер ішкі және халықаралық нарықтарда жасалады. Форфейтинг әдетте халықаралық келісімшарттарда қолданылады;
 3. Факторинг кезінде регресс болуы мүмкін (ақшаны қайтармау тәуекелі сатушы мен сатып алушыда да болады). Форфейтингтік мәмілелер регрессиясыз болады.
- 
- 
- 
- 

9-Дәріс-Банктердің пассивтік және активтік операциялары

Дәріс жоспары:

1. Банктік операциялар дегеніміз
2. Активтік операциялар
3. Пассивтік операциялар
4. Лизингтік түргы
5. Форфейтинг операциясы

Коммерциялық банктер қаржы делдалдары деп аталатын бизнес-кәсіпорындардың ерекше санатына жатады. Олар капиталды, халықтың жинақтарын және шаруашылық қызмет процесінде босаған басқа да бос ақша қаражатын тартады және оларды қосымша капиталды қажет ететін басқа экономикалық агенттерге уақытша пайдалануға береді.

Осылайша, қаржылық делдалдар қоғамды ақша капиталын салааралық және аймақаралық қайта бөлу механизмін қамтамасыз ететін маңызды ұлттық-экономикалық функцияны орындайды.

Банктік операциялар дегеніміз - бұл мемлекеттің заңнамасына сәйкес және Ұлттық банктың берген лицензиясы негізінде жүргізілетін банктердің жүйелі түрде жасалынатын мәмілелері.

Банкті бос ақшаны жинақтайтын және оларды қайтару негізінде орналастыратын мекеме ретінде анықтау оның қызметінде пассивті және белсенді операцияларды бөлуге мүмкіндік береді.

Активтік операциялар – бұл банктердің табыс алу және өзінің өтімділігін қамтамасыз ету мақсатында, иелігінде бар ресурстарды орналастыру жүзеге асыратын операцияларды білдіреді.

Пассивтік операциялар – бұл нәтижесінде пассивтік шоттағы немесе активті-пассивтік шоттағы қаражаттардың өсуін, яғни пассив пен активтің арту формасын білдіретін операцияларды сипаттайды.

Коммерциялық банктердің пассивтік операциялары төрт топқа бөлінеді: коммерциялық банктердің бағалы қағаздарды алғашқы эмиссиялауы; басқа да заңды тұлғалардан несиелер алу; банк пайдасынан капиталдарды немесе қорларды ұлғайту және құру; депозиттік операциялар.

Пассивтік операциялар негізінде банктің ресурстары жинақталады. Пассивтік операциялар айналыстағы ақшалай қаражаттарды банктерге тартуға мүмкіндік береді.

Активті операциялар деп заңнамалық нормаларды сақтай отырып және өтімділік пен активтердің сақталуының қажетті деңгейін сақтай отырып, барынша кірістілік алу мақсатында ақша қаражатын салуды жүзеге асыру түсініледі. Мұндай тәсіл негізгі топтар бойынша белсенді операцияларды жіктеудің тиісті ережелерін қарастырады. Ең жалпы жіктеуге сәйкес:

- 1) кассалық операциялар;
- 2) несиелік сипаты бар несиелік және басқа да операциялар (оларға лизинг және оның түрлері, факторинг және форфейтинг, вексельдермен дисконттық операциялар және т. б. жатады);
- 3) бағалы қағаздарға инвестициялар;
- 4) өзге де активті операциялар.

Барлық активті операцияларды шартты түрде банктің өтімділігін белгілі бір деңгейде ұстап тұруға бағытталған операцияларға және пайда табуға бағытталған операцияларға бөлуге болады. Операциялардың осы түрлерінің арасында банктің қызметін сапалы деңгейде ұстап тұру үшін қажетті қатынас бар. Банктің өтімділігін қолдауға бағытталған салымдарға банктің кассасындағы және ҚР ҰБ шоттарындағы қолма-қол қаражаттың қалдықтары, тез іске асырылатын мемлекеттік бағалы қағаздарға инвестициялар, шоттардағы қаражат және басқа банктердегі салымдар (депозиттер) жатады.

Сонымен қатар, аталған инвестициялардың кейбіреулері белгілі бір кіріс әкелсе де, олардың болуының негізгі себебі банктің жалпы өтімділігін тиісті деңгейде ұстап тұру қажеттілігі болып табылады, ал олар бойынша кіріс маңызды, бірақ қайталама фактор ретінде қызмет етеді.

Кассалық операциялар. Коммерциялық банк кез келген уақытта және клиенттің бірінші талабы бойынша оған талап етілгенге дейінгі шоттардағы салымдарды толық немесе ішінара төлеуге міндетті. Осыған байланысты банк кассасында үнемі белгілі бір мөлшерде қолма-қол ақша болуы керек.

Несиелік операциялар. Банк активтік операцияларының маңызды бөлігін банктің несиелік операциялары алады. Банктің несиелік операциялары негізінде несиелік портфель құрылады. Банктік несиелер табысты және жоғары тәуекелді болып табылады. Бұл активтер топтары банктің басты пайда көзі ретінде қызмет етеді. несиелік операциялар банктің ресурстық базасын орналастыруда банктің активтік қызметінің негізгі бөлігін (мысалы, 80 %-ға жуық) құрайды.

Банктің инвестициялық операциялары несиелік операциялардан кейін банкке табыс әкелетін операциялар. Банктің инвестициялық операциялары негізінде бағалы қағаздар портфелі қалыптасады. Банктің бағалы қағаздар портфелін қалыптастыруының екі мақсаты болады: біріншісі – банкке табыс әкелу, екіншісі – өтімді активтер қатарын толықтыру.

Бүгінгі таңда ҚР-ғы екінші деңгейдегі банктердің инвестициялық операцияларға бағытталған активтерінің басым бөлігі мемлекеттің бағалы қағаздарға жұмсалып отырғаны жасырын емес. Себебі, мұндай бағалы қағаздарға салған активтер: біріншіден, өтімді, яғни банк ондағы қаражатты тез арада қолма-қол ақшаға айналдыра алады, екіншіден, олардан алатын табыс төмен болғанымен тәуекел төмен немесе жоқ десе де болады. Сонымен қатар активтерінің бір бөлігін өтімді корпоративтік бағалы қағаздарға да орналастыруда. Олардың қатарында:

Акция – бұл акционерлік қоғамның жарғылық капиталына үлес қосқандығын куәландыратын және басқару ісіне қатысуға құқық беретін, сондай-ақ иесіне табыс әкелетін бағалы қағаз.

Облигация – оның иесінің ақшалай қаражат салғандығын куәландыратын және эмитенттің осы қаражат сомасы (номиналдық құны) мен пайызды қайтарып беру туралы міндетемесін растайтын бағалы қағаз.

Банктің қаржылық операциялары несиелік операциялар типтес, яғни банкке табыс әкелетін активтік операцияларды сипаттайды. Оларға: лизинг, факторинг және форфейтинг операциялары жатады.

Лизинг сөзі “to lease” ағылшын етістігінен аударғанда “жалға беру” дегенді білдіреді. **Лизинг** – бұл лизинг берушінің (жалға берушінің) өзіне тиесілі құрал-жабдықтарды, машиналарды, ЭЕМ, ұйымдастыру техникаларды, өндіріске, сауда-саттыққа және қоймаға арналған құрылғыларды лизинг алушыға (жалгерге) лизингтік төлем төлеу шартымен, белгіленген мерзімге пайдалануға беруін қарастыратын жалға беру шартын

білдіреді. Барлық лизингтік операциялар екі түрге бөлінеді: шұғыл және қаржылық лизингтер.

1. Шұғыл лизинг - бұл мүліктің қызмет ету мерзіміне қарағанда, оның пайдалану мерзімінің қысқалығын және мүліктің құнын толық өтемеуін сипаттайды.

2. Қаржы лизингі – бұл уақытша пайдалануға берген лизинг затының мерзімі ішінде өзінің толық амортизациялық құнын төлеп шығуымен немесе өзін-өзі өтеуімен байланысты сипатталады. Банктердің лизингтік операциялары несиелік операциялармен ұқсас болып келеді. Алайда, лизингтің несиеден бір айырмашылығын келісімшартта көрсетілген төлемдер төленіп, мерзімі аяқталғаннан кейін де лизинг объектісінің лизинг берушінің меншігінде қала беруінен көруге болады. Ал, несиеле банктің меншік объектісі ретінде қарыз алушының берген кепілдігі қалады.

Форфейтинг операциясы –форфейтордың, яғни коммерциялық банктің немесе арнайы компанияның экспортерға төлеуге тиісті импортердің берген төлем құжатын сатып алуы. Басқаша айтқанда, **Факторинг операциясы** – *жабдықтаушының (банк клиентінің) жабдықтаған тауары мен көрсеткен қызметтері үшін төленбеген төлем құжаттарын (шот-фактурасын) банкке сатумен байланысты комиссиялық-делдалдық операция.*

Форфейтинг операциясы –*форфейтордың, яғни коммерциялық банктің немесе арнайы компанияның экспортерға төлеуге тиісті импортердің берген төлем құжатын сатып алуы.*

Форфейтинг мәмілесінде үш қатысушы болады:

1. *Экспортер*, яғни тауарды орта мерзімді несиеге беруші
2. *Импортер*, яғни тауарды несиеге алушы;
3. *Форфейтор*, яғни мәмілені қаржыландырушы банк немесе арнайы ұйым.

Форфейтинг операциясының мерзімі 180 күннен 5 жылға дейінгі аралықты құрайды, кей жағдайларда – 7 жыл.